

*Қажығали*  
*Мұханбетқалиев*

---

# ТОҒАЙ СЫБДЫРЫ



ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТКАЛИЕВ

---

# ТОҒАЙ СЫБДЫРЫ

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1974

**Мұханбетқалиев К.**

M186      Торғай сыйдыры. «Жазушы» баспасы, Алматы,  
                1974.

120 бет.

Мұханбетқалиев Кажығали—«Жүлдөздің тұндер» кітабы арқылы окушыға бұрыннан таныс. Қолшілік қауым онгімелерін жылы лебізбел кабылдаған.

«Торғай сыйдыры» — жас автордың екінші кітабы. Адамдар арасындағы карым-қатынасты, олардың мінез-құлқын көрсетуде Кажығалидың шығармалары өз бояуымен тән-тәуір. Такырыбын толғана жазып, шебер аяқтайды. Не кәрсөн де шынайы суреттейді.

М — 402(07) — 74 — 247-  
0763 — 225

Каз2

© «ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ — 1974

# ПОВЕСТЬ

---

## БАС ЖУТКАН БАС

### I

Өрістен келіп ауыл үстін ак шаңға көмгөн мың-сан тұяқтың маныраған үні, койшы-колаңың айғай-үйғайы, кешкі у-шу, абыр-сабыр басылғанша бірауық төбе басына шығып кайтпақ болған сұлтан, өзіне арнап тігілген ак боз үйге көз байлана оралды. Бірак әлденеге тынышы кетіп, ішке кірмей, барқыт бешпетінің сыртынан нығына іле салған желбекейін қаусырынған күйі айналға көз салып тұрып қалды.

Каранғы ымырт.

Әр жер-әр жерде жалпылдақ отынды лаулата жағып сүт пісіріп жүрген әйелдер. Қарауытқан жер ошактардан жалынның қып-қызыл тілі суманды етіп жоғары көтерілгенде, анадай жердегі қотанда иіріліп жатқан койлардың жап-жасыл көздері ғана жарқырай көріп калады. Әлдекайдан кой төбеттердің ырылдасқаны, қанқ етіп қыңсылай қашқан күшік даусы естіледі.

Каранғылық қоюланып, даланың кәдуілгі жым-жырт түні канат жайын келе жатыр. Төңірек тылсым тыныштыққа бөленип, жақын мандағы төбелер төңкерілген қара казандай боп қарауытады. Енді бірде, жер ошактардағы жалын тілінің сумандауынан ба, қимылсыз жатқан әлгі төбелер әлдебір һажайып қара коңыз сияқтанып, жарыққа қарай теңселе қозғалып келе жатқандай боллады.

Сұлтан есік алдында едауір тұрып қалыпты. Бойы тоназып, еті шіміркеніп кетті. Ауада салқын леп бар екен. Күз хабаршысындей шып-шымыр. Ол құндыз бөркін түзеп киіп, желбекейін қаусырына түсті. «Әлтілер кешікті-ау! Шаң беріп қалатын уағы болған сияқты еді...» — деді өз-өзінен күбір етіп. Тынышсызданып, есік

алдында ерсілі-карының жүре бастады. *Ауық-ауық тұра қалып, төңірекке құлақ тұрді. Жым-жырттыныштық.*

— Бәйеке, шам жағылды. Ішке кірініз!

Баймағамбет селк ете түсіп артына бұрылғанында мол-момақан тұрмен кол қусырып шакырып тұрган үй иесі Сүйеуғали шалды көрді. Окыста ойын бұзып жібергенін жаратпай қалса да, сыртынан бәйек бол жүрген үй иесіне ықыласын білдіргісі келгендей ойна ортақтастырып:

— Сүйеке, манағылар кешікті-ау, — деді алғі ойын самарқауғана кайталай. — Жазым болмаса петті!?

— Келер! Үйге кіріңіз, әңгімелесе тұралық! — Сұттаның даусынан қабак шыта сөйлегенін анғарған Сүйеуғали шал сылап-сипаған болды.

Абажадай алты қанат үйге екеуден-екеу жайғасқан соң:

— Ол өзі шептен бері карай өтті ме екен, Бәйеке! — деді үй иесі сез бастап.

— Бар бәле соның бермен өткенінде болып тұрғой. Жайымен тыныш жүрсе неміз бар. — Бас киімі тарлық еткендей сұлтанаң дәңгелек күндыш беркін мандайынан шұғыл кейін ысырып, өнді қызығылт жүзін сипады да, шаршаған тұрмен кою кара мұртын сылап койды. Түріне қарағанда осы сапарға кинала-қинала шыкқан кісінің сыңайы. «Іс адамы болған соң жоғарыдағылардың тапсырмасымен амалсыз жүр-ау» деп ойлаған үй иесі:

— Эскер тұрғой, әй жібермес, — деді жұбату үнмен.

Сұттан шытына сейледі:

— Бұл іншіліктен соң іш жакқа сиді аяқ баспайсын делініп босатылып еді, басынғандай бол бері өтіптіғой тағы, көрмейсіз бе? Кім көрінген заңды белінен басып кете берсе, күні ертек не болмак, Сүйеке! Сосынғой ұстаудан басқа шара қалмай отырғаны.

— Орынбор айдалады-ау сонда?

— Шекаралық комиссияның тапсырысы солай. Бұйрықта солай делінген... Біз орындаушымызғой.

— Е, ұлыктар үйдеп жатса..., деп, үй иесі төмен қарап тұқшия тұсті.

Екеуі де аз-кем үнсіз қалып еді.

Осы кездे сырттан топылдаған ат тұяғының дүрсілі, сүйт жүрістен шылдыр қакқан жүгеннің дыбысы, пысқырыныс естіліп, бұлар өре түрегелді.

\* \* \*

...Анау адыра калған Нарыннан алыс кеткен соң-ақ, оның үстінде тек кетпей, тепсінісіп кеткен соң батыр тыныштықтан айрылып, аумалы-төкпелі алмагайып мынау күйінің тезірек біржайлы болуын асыга күтуде болатын. Шегінер жері жок-ты. Соңдықтан ба, соңғы күндері әншнейінде де сұық жүзі тым сұстанып, катулашып кеткен-ді. Бұган бір себеп өзінің мынау қарақшыдай қашып-нысып жүргені жаңына батқандық болса, Баймамбет сұлтаниң соңына шырақ алыш түскені тағы үстеме болды. «Атаңа иәлет шаркоспактың баласы-ай, оңаша жерде жөлыхсан...» деп, одан басқа арманы жоктай, соны құдайдан жалбарына тілеген де кезі болған. Ол тілекті де тәңірі бермеген соң, өзін қоярға жер таппай обден ішкүса күйге душар болған тұсы еді. Бауыры Хасан мен бозбала Бітімбай кеше батырдың қасында біраз отырып, енді тұра бергендерінде «иәлет десе болмас па, осылай жүрген жүріске» деп, ершінің үшімен күреіне күбір еткен Махаңың үнінен торығу емес, ширыгу сезген-ді. Асылы, батыр тек шамырқанған шағында гана осылай сөйлейтінін бұрыннан билетін олар, «ат үстіяде жортын алмай, енді тыншықлас» деп, қос күрец мен ала аяқ құланы құралдау қамына кірісті. Бірак батыр кешкісін жортуылға шыгар қабак танытады. Қос күрец мен ала аяқ құла тұн бойына ерттеулі күйі, шідермен жайылып шыкты.

Ертегілік те тіс жарған жок. Шайын томырык күйде, тым-тырыс отырып ішті де, кесесін тәңкере салып, үнсіз катып қалды. Сол отырганнан зауал ауа:

— Аға, біреулер келе жатыр! — деп Бітімбай синдей кіргенде гана басын оқыс бір көтерді. Томпак қоныр көзі қанталап, ортасы дөңестеу кесек мұрнының үші кусырыла түрегелді.

— Қанс, қай жақтаи келе жатыр?

— Әнекей! Бір топ өздері...

— Каруларыңды алмындар! Біреуің тез, аттарға!..

Өзі шұғыл бұрылып, керегешің басындағы ақ мылтығы мен қанжарын алыш қайта шыкты.

Көз ұшынан карайған көрінсе жапан түзде жалғыз отырган үйдің үлкен-кішісі бірдей тегіс елеңдесіп, келіп жеткенше, кім екенін көзімен көріп біліскеши байыз тапшай тағатасыз тосатын еді. Караойлың кең жазығындағы кішкене құдық басында шошайып отырган мынау

жалғыз қараша үйдің жандары қуану былай тұрсын, қайта осылайша абыр-сабыр боп, қапылып қалды.

Салт аттылар анадай жерде арқандаулы тұрган ботаның тұсына жетіп, көліктерінен түсегендегі қалысты. Қимылдары баяу. Жайбаракат. Асықтай аттарын тұсан, матастырып, кейбірі қантарын қойып жатыр. Сөлемдескелі келгендер секілді.

«Тойір-ай, не бол барам, түге! Бұ не қапылыс еді. Енді амандасқалы келгендерді де жау көріп, жарақ сайлаудың қалғаны ма» деп батыр күйіне күбір етті. Өзінің әлгі ісіне ызасы кеп, мыскылмен күбірледі.

Жолаушылар бері бет түзегендегі, жалғыздық зарын тартқан жадау бота үмсіншіп аттарды қарасынып қалды да, арқаннан босана алмай, қазықты айналып боздалп қоя берді. Оқыс селт ете түскен қонақтар арттарына шошына қарасын, іле «е, бота екен гой» дегендегі, бір-бірін көзбен жұбатысып, сосын бірі шекешінің етегін беліне жүре қыстырып, бірі қамшысының сабымен етігінің шацын қаңиқ болғандай, қонышын сарт-сарт ұрып, үйге жақындаій берді.

«Неге бастарын көтермейді!? Қөздерін жерден алмайтыны несі түге. Жүзіқара болған адамдай түкшін-түкшің стіп»... деп, тагы да күдікке бой алдырған батыр:

— Уа, елмісіндер, жаумысындар?! — деді катқылдау үнмен.

— Е, танымай тұрмысын? Біз гой... — деп алда келе жатқан қайыстай қара шал Мұса дауыстай беріп сүрініп кетті де, бірдекені бұлдіріп алғандай қипалактан, серіктеріне қарады. Сіріңке жүзі тотығын кетті.

Шалдың әлденеге абыржы сөйлегенінен, аппак сақалымен асын-сасып, қаукалактан қалғанынан батыр тагы секем алыш қалды. «Апыр-ай, осылар тегін келсе илгі еді. Жүрістері тым бөлек скен» деген ой санасын шартын өтті. Әйтсе де борімен ауыз скі амандасын ішке кіруге ишара жасады.

Конақтар төрледі. Жайгаса беріп: «Уа, тізенді бүк, батыр! Ел сыйлаган азамат болсаң да, жасың кіші,— деді шәушінген шокша сақалды әлгі шал қамшысын алдына бүктеп тастай беріп. — Айтатын сөз бар.

Өзінің рабайсыз тұрысын жаңа аңдаған батыр қызылып қалды.

— Ай, Мұсеке-ай! Сол ел деп шыбын жанды шүбе-

рекке түйіп ек. Ақыры, бұлай болған сон... — деп жуып-шайған болды. Жүреледі.

— Уа... бұрынғыдай күн қайда!? Сол күйінді білген-діктен де сақалымызбен келіп отырмыз. Сен де жакында былай... кең отырып бір сөйлеселік. «Қылыш үстінде серт жүрмес» деген бар. Анау бес қаруынды былай таста. Ол үстінде тұрғанда сөзіміз жараспас. Жауың емес, елінбіз деп отырмыз гой. Басқасын былай қойғанда бір атаның баласымыз, сен Ағатай болсан, мен — Есенқұл емесспін бе?! Тұбі бірге тұтпейді деген. Мына отырған азаматтар да әр елдің ат байлайтын кісілері. Анау — Жаңбазар би, мынау Таманың старшыны Үқылас, эне өз Берішін Жүсін...

— Апыр-ай, Мұсақа... Кағыкан жерігеп құландай құла түзде күн кешіп жүрген сон, тірлік ит те не оңсын. Кателік болса кешірерсіз, — деп Махамбет шын райланып қалды.

Самауыр көтерген қатпа, кара сұр әйел тыска шығып шай жабдығына кірісті. Қоңілі сабасына түсе бастаған батыр бойындағы бар қаруын тастап, тәменірек кеп жайғасты.

Осыны күтіл отырғандай-ақ қонақтар бір-біріне ұрлана карасып қалды.

· Үқыластың жыбыр ете түскен қабағынан «тездет» деген әмір үкқан Мұса:

— Эй, Махамбет, — делі даусын көтеріп. — Эй, Махамбет, Мәдді деген Адайдың төрт жылқысын алыпсың. Үа, өзің білесің, ел іші онсыз да іріп жатыр. Баймағамбет сұлтан бізді осы іске әдейі жұмсап отыр. Қане, не айтасың!

— Баймағамбет?! Енді мені ұры етуі қалған екен ғой. Неғып өзі келмеген налеттің! Аппак сақалыңызбен соның сөзін дей келіп отырсыз, ә, Мұсақа!

— Уа, «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген бар емес пе. Сен алды деген сыбыс естілмесе, не ақысы бар, — деп Үқылас бүйірден килікті. — Алған сен! Сенен баска ешкім емес...

Қөпе-көрнеу ұрынғысы кеп отырғанын сезген батыр, күні кеше көзіне ілмейтің жаманның тілі шығып, кісімсі қалғанына тап осы арада жарыла жаздады.

— Эй, тарт тілінді! Момын елді жуас түйедей жүн-деп, сол сұлтанынмен бірге талапайға салғанға сен де жетісе қапсың ғой. Жылқы алсам, сенен қорқып айтпай отыр деймісің. Эй, енеңді...

— Не дейді, мынау!?

— Э, атаңың көрін... — деп қатар отырған Үқылас пен Жүсіп ытқыл кеп үстіне кона түсті.

— А-а-аң, қара ниеттер-ай! — Ышқына ұмтылған Махамбет жеудесін әрен тіккеді. — Қанжа-а-ар! Қанжарды әкел, қа-ты-н!

«А-а-аң!»

Көкіректі кернеген құсалы да корқынышты үн коркырай шыкты. Батыр атандақ ақырып, қолын қайырмак болған екеуді де, ту сыртынан құшактаған адамды да адудын күшпен босағаға дейін сүйреп барды. Шамадан тыс зорланудан бар қаны басына шауып, жүзі түтігіп кетті. Мойның білеу-білеу боп, адырайып шыға келген көкпенбек жуан тамырлары енді болмаса бырт-бырт үзілердей. «Босағадан аттасам екен... Аттасам...» Қеудедегі ақырғы қүшін жиып жұлқына ұмтылды.

Киіз үйдің есігі түрлі-тіп. Бір аттаса мынау екі қолын шіреңе тартып түрған екеу тар тесікке кептелер еді де, қайтсе де сытылып шығар еді. Содан аргысын кеністікте көріп алмак. Құдай берген қуаттың сарқынын салғаны да сондыктан. «Міне... Міне аттаймын!» деген үмітпен жұлқына ұмтылды ол тағы. Дәл осы сәтте алдынан әлдене жарқ етті. Сол сүйк жарқылдан өзге ештенені байқай алмай да қалды. Оң жақ шекесін наїзғай оты осып еткендей, көзінен мың үшқын бей-берекет шашырай атылды. Санасын лезде кап-караңғы мұнар жауып, тек сонау бір түкпірінде гана әлдекандай нокат жарқырай жанып, аппақ бол тұрып-тұрып, ақырын өшіп бара жатты. Екпінімен енді бір ышқынғанында жалаңаш мандайы табалдырыққа жаңғырыға соғып батыр топырақ каба құлады. Соңғы рет сезгені де сол... мандайынын солқ ете түскені. Мың торсық түбінде қалған қос уыс сұзбедей өзіліп кеткен секілді...

Мұнан соң ол сүтепені де сезбеді.

Екі-үшеу етпеттей жатқан денені сыртқа сүйреп шығарды да, былқ-сылқ еткен басын топыраққа нығарлай тығып, өші қалғандай айқыш-үйқыш шапқылай бастады. Қыл мойынға қылыш үшінші рет сермелгенде киғаш кесілген жуан тамырлардың бол-боз ырсиган аузынаң кенет қал-қара қан шапшып, он жақ самайы мен құлак тубі қызыл жосаға боялған БАС топыраққа былғанып, сатпак-сатпак бол бір-екі ыршып түсті. Домалап жатып жанұшырып, жалпак шықшыты мен қалың еріндерінің әржер-әржері жыбырлап қоя берді. Құдды, мынау фәни

жалғаның опасыздығына зығыры қайнап, капыда кеткенін, андаусызда алдырғанын әлдекімдерге соңғы рет күшкүра айқайлап айткысы келген секілді.

Әрт сөндіргендегі тұтігіп, көпірстан түрмен қанына караңып алған тоң енді не історін білмей, айнала коршап анырын тұр. Бәрі жабылып өздеріндегі бір пендеші емес, о дүниелік орасан обыр макұлықты жайратқандай. Бастарында түйсік те, ой да калмаған; бір-біріне қарай да алған жоқ. Көз алдарында әлгі бір алапат арналыстың үзік-үзік қарандаган елесі гана... Елес қана секіріп, шоршып жүр.

Ең алдымен тілге келген Үқылас:

— Эй, сстеріннен танып қалдыңдар ма, түгे?! — деді жекін. Тамағы құрғап қанты. Даусы карлығып шыкты. Майдайынан бүршактаған терді он қолының сұқ саусағымен сыптырып тастанады да, ентігіп түреған күйі саусағын шалғайына сүрте салды. — Жүсін, түр! Аттарды әкел, — деді өндіршегін сипаи.

Әлгінде қайқы қылышпен өлі деңені қайта-қайта шапқылағанда жүрегі шайлықпағап еңсегей бойлы, қызыл көз сары қанталаган жанарын қарсы қадауға тайсактап үнсіз бұрыла берді...

— Сұнкарым-а-а-ау! Ой-бо-ой.

Қалай да ғана шыда-а-ап жатыр-сы-ы-ың-ау, бұ корлык-ка-ай, дең аңы запыран өксік аралас құсалы әйел даусы зар төгіп коя берді сол сэтте. Өлі даланың керен құлагы кенет ашылып кеткендей «ка-а-алаган» үнді алыс қыраттар іліп әкетті.

— Өшіріндер ана қаныштың үнін ұлтыпай... — деді Үқылас сабасына түсе бастаган жүзі қайтадан қабарып.

Талыстай созылып жатқан жансыз деңені **құшактан**, зарлы айқайға басқан анау әйелдің әлгінде өзіне қылыш ала жүгіргені есіне түсті. Жұлдын тұтас дір етіп, жотасынан мың күмырска өрмелеп бара жатқандай тітіркеніп кетті. Арнайы біреуіне тіктелмесе де: «Өшіріңдер үнін! — деді тағы серіктеріне қайталап. — Шанырағын шарт сындыр! Ілуге жарайтынын қолдарына іле кетіндер, зауалын өзім көріп алам».

Жапатармағай бәрі үйге үмтүлышты. Көрпе-төсекті жан-жакқа құлатып, жиуолы жүк-тәңдерді лактырып, аударып-төңкөрістіріп қолдарына ілінгенді: бірі батырдың қылышын, бірі қанжарын, қамшысын, дым таппаға-

ны жалпактығы алақандай былғары күміс белдігін талапайлап шыға бастады.

Абыр-сабыр арасында аттар да әкелініпті. Әлдеқандай бір үрейді сезгендей олар да тықыршып, байыз таппай оқыранып жүр. Зілдей аяқтар үзенгіге шірене тіреліп, әлуетті қолдар шоқтықты шоқша қариды. Сартсұрт. Ер үстіне қонып жатыр. Жұрт асығыс аттанып жатқан кезде Ықылас жеке шығып қатты сыдыртып келді де Бәйгеторысының басын кілт тежеп, денеден екіуш қадам жерде топыраққа былғанып жатқан қан-қан БАС-ты тыпиршыған ат түяғының арасынан еңкейіп барып құлағынан көтеріп алды. Алды да, салмақтап көргісі келгендей алақанында бір-екі аударыстырып, сол сыдыртып бара жатқан күйі ер үстінде бір жамбастай бұрылып, арттағы қоржынының он жақ басына домала-та салды.

Мұнан соң ешкімге мойны бүрған жоқ. «Еріңдер соңымнан» дегенді қарсы алдына қасқая қарап отырған күйі қатулы қабағынан аңғартып, ілгері шыға бере то-рыны тебініп қалды. Сол-ақ екен, ауыздықпен алысып тұрған жануарлар маң даланы бетке алып, сонау күн астында көгілжім тартып тұрған көкжиекке қарай құлдырап бара жатты.

«Асқар да, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың бүркіті  
Ылдидың анын алар ма?!  
Лашын, сұнқар жүн төксе,  
Далада қалған түлегінің  
Шеніне қарға жолар ма?!  
Десүші едің, тәңірім, қайтейін  
Қашыда кетті-ау, дүние-ай.  
Орының енді толар ма а-а-ай»...

Екіндіден бері ботасы өлген боз іңгіндей азыраған сорлы әйел «орның енді толарма-а-а-ай» деп барып қайырғанында аһылаған күрсініс көкірегін қарс айрып, көмекейі құрғақсығаннан тамағы жыбырлап қоя берді. Еріксіз жөтел буып, оқыс қиқылдалап қалды. Әбден қажыған да болса керек, талықсып барып қайта дауыс қылмақ еді, үні жоктаудан гөрі әлденеге қатты жәбірленгендіктен жылағандагыдай біртүрлі сынсып шықты.

Күн көзі шара табактың түбіне үйыған бауыздау қандай боп талаурап батып барады екен. Кірпігін сәл ашқанда жасқа толы буалдыр жанарына сол ілікті.

Онап беріректе әлденелер қараң-құраң етіп шаңытын келе ме, қалай... Бұлаудай боп ісіп кеткен көздері жұмыла берген соң, әйел ашқысы да келмеді. Теңселіп отырып, бүйірін таянған күйі аһ ұра ацырай берді.

Кенет:

— Арысым-ай! Арманда кеттің-ау ағеке-ай! — деп өңкілдей кеп, балаша өксіп әлдекім жансыз денемің ұстіне құлай кетті. Суыт жүрістен еті қызған аттарын ма-тастыра салып, өзгелері де топырласып жиналыш қалды. Адам-қара көбейіп, айналасы толған соң, сорлы әйелге қайтадан қуат бітіп дауыс қыла беріп еді, бір-екі «а-а-алагасын»-ақ жүрегі шыдамай талықсып кетті. Жұрт көздерін асығыс сүрте салып алас-қапас, абыр-сабыр болды да қалды. Ес жинап үлгерген біреулері қара құманың көтеріп кеп әйелдің бетіне су шашып жатыр. «У-у-уф! У-у-уң» деп, есі кіре бастағаннан қарлығыңы дауыспен қайтадан жоқтау айтпақ болған әйелге: — Сабыр, женеше! Сабыр қылышызшы... — деп жамырай дауыстады.

— Ой-бо-о-ой, ары-ы-ысым-нан ай-ры-лып...  
Қа-на-тым-нан қай-ы-ры-лы-ып,  
Қал-ған со-о-он қай-тем, са-бырды-ау, а-а-ай!

— У-у-уң,— деп зарлана дауыс қыла бастаған әйел-ге:

— Қалай қарай кетті? Женеше, қалай қарай кетке-нін айтыңызшы әлгілердің! — деп бірнеше адам қабаттаса дауыстады.

Бұлардың құғыншы екенін енді үққандай болған әйел:

— Бы-лай қа-рай кет-ті ғо-о-ой, а-а-а-ай! — деп, бұл айтып отырғаны да бейне жоқтаудай, үзіп-үзіп дауыс қылып, қолын күн батқан жаққа қарай сілтеді.

Жұрт дүркіреп аттарға қарай қозғалды. Іле шауып жөнелген жігіттер үзенгіге өткізілген шылбыр ұшын жол-жөнекей жинап, әлгінде өздері келген ізben қайтадан құйғытып бара жатты.

...Батырдың өлтірілген хабары Тілекенің ауылына ас пісірімдей уақыттан соң жеткен-ді. Үрейі ұшып кегін жас жігіт Хасан мен бозбала Бітімбайда өң де, түс те жоқ. Құйғытып келген бойы шаңыракқа ат басын тірер-тіреместен:

— Ата-а-а! Маханды... аналар Маханды... өлтіріп кетті, — деп шырқырап қоя берді.

— Не дейді, ойбай! Э-э-әй, Дадужан, Текіш! Қайдада-

**сың ойбай! Махамбетті өлтіріп кетіпті... Өлтіріп кетіпті  
Махамбетті!**

Дәрет алғалы ұстап шыққан жез құманды қалай лақтырып жібергенін байқамай, карт корбандаپ үйге жүгірді. Онан іле қайта шығып, есі енді кіргендей дала-ны басына көтере айқайға басты.

— Ат-та-а-ан, аттан!!! Махамбетті өлтіріп кетіптіл Өлтіріп кетіпті Махамбетті!

Сұмдықты сонда сезген жұрт тиген-тигеніне міне салып жеткен беті еді.

\* \* \*

Атқа мініп, адам қатарына қосылғалы талай әкімдерді көріп жүріп, «ел басқарған кісіге екі нәрсе әсіресе керек екен-ау» деген ойға тіреліп еді сұлтан. Сол екі нәрсе—ақыл мен айланың тізгінін тең ұстамаған талайлардың аяғы аспаннан келіп, тырайып түскенін көргенде бірге қиналысын, бас шайқағанмен бәлендей қынжыла да қоймайтын. Мұның себептерін оңаша отырып ойлай қалса, әлгі түйінге, ел басқарған кісінің ақылы мен айласы жетпегеніне тіреле беруші еді. Қара күш пен қаталдық мықты болса — атасы Жәңгірдің, дәкірлік пен қорқытып-үркіту мықты болса — кешегі Кауылкожаның басында бар-ды. Бірі ел тізгінін тас-түйін ғып ұсташа орнына пышыратып алса, екіншісі тікелей өрт туғызғаннан басқа не бітірді!? Соларды көре тұрып, сұлтан ондайға барса ақымак боларын әлдекашан ұққан. Бар болғаны Жетірудың ғана әкімі болып жүрген кезінде, ешкім елей қоймайтын сонау жас шағында-ақ біржола безініп еді.

...Сұлтан қабағын қарс жауып алды.

Өзіне оқыста ой салған тағы бір жай есіне түсіп еді...

Жетіру руларының әкімі бол жүрген кезі-тұғын. Қасында ақсақал-қарасақалы аралас едәуір топ бар, бір күні ел аралап келе жатқанында алдарынан тұлқі қашып, иттері қосылып кеп кетті. Қырық күн шілденің қайнап тұрған шағы, аң қуатын кез бе?! Соған қарамастан мұның қасқыр алып жүрген қара тәбеті әлгі тұлқінің қыр соңынан қалмай қойғаны... Эрі қуып, бері қуып іле алмады. Ақыры тәбеден-тәбе асып түскен кезде кейбір желөкпелер шыдай алмай артынан шауып кеткен. Соңынан бұ да жетіп еді. Келсе, тәбетінің тілі аузына сыймай, кос бүйірін солк-солк ұрып жатыр екен. Атынан бұ да түсті, иті де қаңқ етіп топырак қауып, бір-екі ыш-

қынып барып өліп кетті. Жаңа гана жантәсілім болған итіне қарап, тұрыл-тұрып:

— Эй, ақыннан-ай! Обалың жок ақымак болғаның-ау! — деп етігінің тұмсығымен баска нұқып еді бұл.

Жүрт:

— Е, қайтесіз, Бәйеке! Ит болған соң, байғұс... — деп аяушылық білдірген. Бұл атына мініп үн-тұнсіз жүре беріл еді. Жол бойы да тіс жартап жоқ-ты. «Ит болған соң, негілсын байғұс; дейді. Аяған түрлерін... Осы далада туып-есіп, осы дала азының жайын білмесе, бостан босқа ит атанип жүрсе, басқа теппей қайтерсін. Кайта өлгенні онды болды, әйтисегендеге...»

Сондагы ызасы санасында әлі күнге суымаган екен, колына дойыр камшы үстап отырғандай-ақ тас түйілгей жұдырығын сырымда-сырымдан жібергенде сіңірі ауырып кетті.

Он колының білегін сол колының алакаңымын шап етіп үстай алған, сұлтан біраз уақ сылап отырлы да, ауырғаны басылағып дегесіп әлгі ойнаға кайта оралды. Өлер иті өлсө де, ол бейшара несіне, мына өзіне ой салып кетіпті-ау. «Иә... ацның ізіне түскен де, адамның ізіне түскен де, әуелі ақымак болмай тұрып алдындағының кім, не екенін жақсы білгені жөн екен. — Сұлтан жеткірініп койды. — Эй, соган мыны жетпей жүріп жүрт биледі-ау біраз адам. Ел бағуды мал бағудан да оңай көріп... Ойпырмай!»

Кісі біреуге кейіс білдіргенде, ызасы келгенде, өзінің ойы жеткен жерге аианың ақылының жетпегенін күйінеді де. Сұлтан да сейтті. Сейтіп отырып, кенет өзінің, иншалла, олардақ артық жаратылғанын, құдай қуат пен ақыл беріп (астамшылық болса кеше гөр, тәнірім!), абыройы артып тұрғанын ойлағанда сүйсініп қалды. «Шүкір гой, шүкір!» деп шалқая беріп күбір етті. Ақылсыз болса бір тырайып түсетіп жері өниегүні еді. Тар жерде тауып-ақ кетті смес пе?

...Сырттан топылдаған ат тұяғының дүрсілі, сұyt жүрістен шылдыр қаққан жүген дыбысы, пыскырының естілгенсін сұлтан Сүйеуғали шалды ертіп тыска шыға келсе, асыға күткен адамдары үй іргесіне кеп түсіп жатыр екен. Кайсысы кім скенін ажыратып болар емес. Эйтеуір, аман-түгел секілді. Карапыда қараң-қураң етіп көліктерін байлан, карбаласып жатыр. Сосын-ак көңілі сабасына түскен ол сабыр сактап, ақырын тосқан. Атын қаңтаруды әлдескімге тапсырды ма, әлде бұ-

ған деген бейілін білдіргісі келді ме, алдымен Үқылас жетті. Қалғандары кішкенеден соң үздік-создық жиналып, қаумалай коршап тұрып қалды.

— Иә, аман келдіңдер ме? — деп сұлтан ауыз жиғанша бәрін бұлдіріп, сүйрете келген коржынынан қанкан БАС-ты Үқылас домалата салды...

— Астағыпрыралла-а-а, астекет! Астағыпрыр... — Сүйеугали шалдың буындары қалтырап бүгіліп бара жатты.

Сол екі арада ауыл үсті де азан-қазан бол, жұрт жиналып қалғаны.

— Ойбай, мыналар кісі өлтіріп келіпті!

— Не дейді?

— Кім екен, кім!?

— Кімді өлтіріпті?

Кешкі шай-суын қамдалап, сүтін пісіріп алдып, орындағына отыра бастаған жұрт ұлардай шулап, ызы-қиқы бол қалды. Сөніп қалған жер ошактарға қайтадан тамызық тасталып, лаулатып от жаға бастаған. Эр жерден жалпылдақ отынның жалыны алаулап, бар маңай біраз уақыт қызыл жалқын тұске еніп, төңірек түгел өртенип жатқандай үрей билеп кетті.

Дәл бұндай болар деп мұның өзі де ойлаған жоқ-ты. Іш жиып қалды. Сәл кідірсе секемшіл жұрт сиынудан да, сыйлаудан да қалатынын, үріккен елді енді қайтып маңайна үйірілте алмасын үқты. Сол-ақ екен, сұлтан жиналған топтың алдында Үқыласты алқымдады.

— Ақ патшага қыруар қыямысы бар адамды айдалап әкелудің орнына, сен... шаш ал десе бас алды! Тұра тұр, жауапқа тартыласың, бәлем! — деп айнала тұрған ел анық естісін дегендей, ақырып, айқайлай сөйледі. — Кім саған кісі өлтіруге бұйрық берді?! Қазір қаруларын алышып, қариялармен кеңескенше оңаша үйге қамала-сың! — деді зілдене.

Біреулер Үқыласты ертіп әкетті.

Шағын ауылда шал-شاуқан болмаса, аксақалдық айтар адам сірә жоқтың қасы. Сұлтан қарттарды шақырттырып, қан төккен кісінің қатты жазаланатынын, мынадай шатақ істі дереу түбегейлі тексертуі керектігін тәптіштеп айта келіп, «Тап осы қазір аттанғаным жөн бе дейім», — деп сәл кідірді.

Бөрікті, малакайлы бастарда үн жоқ. Төмен қарап тұқырайып қалыпты.

Үнсұздікті тағы өзі бұзды.

— Эрине, өзілің айынты адам екені баршаныңға белгілі. Әйтсе де, азды-көпті аты шыққан кісі болғандыктан, қалған істі қалай реттеуді каарасыңдар. БАС-ты да өздеріңе аманат қылдым... — деп отырғандарға жагалай көз салып шыкты.

— Карагым-ай! — Жұрт сілкініп кетті. Төрге таман отырған тәбедей кара шал қарабурыл қаба сақалының үшінде дірілдеп тұрган бір тамшы көз жасын қаптамасының жеңімен сурткіштеп, жүзін көтерді. — Карагым-ай! Карагайдың қарсы біткен бұтағындағы қайсар туган батыр еді ғой. Шатырап шарт сыйды-ау! Саған ие деңік енді... Ата жолын ұмытшагаңыңа рақмет! Аттанам десен алла жар болсын-дағы...

Иығынап ауыр жүк сынырылып түскендей, сұлтан сонда ғана терен тыныстап демін алды. «Босе, шыққыр көзі шықпаса бұл елді білетіп снякты еді ғой. Тағы да тап басқан екен. Кателеспенті. Қытығына тимей, осылайша күр-күрлап отырып қана қыл арканмен матаң алмасаң, құлагына қол апарта ма асау ел...»

Аксакалдарды риза қылыш, сұлтан сол бойда аттаннып кеткен.

...Бірнеше күн сүйт жүріп, кеше түнде жолсоқты бол келсе де, жандаралға жай-жағдайды баяндайтын хат жолдамакқа ишет қылыш, бүгін сртөрек тұрып еді. Тұла бойы сал-сал бол, әлденеге самарқау тартып ұзагырақ отырып калыпты. Басын түмшалап алған ой тұмандын серпіл тастамак болғандай сұлтан орнынан сергек тұрып, әскери формасын киді де, жіті басып кабинстіне келді. Со бойда писарьді шакырып, өзі креслоға жайғасты да, «жаз» деген санк етіп дауыстап сөйлем кетті.

«Шекаралық комиссия бастығына.

Ішкі Орданың сұлтан-правителі Баймағамбет Айшуровтас.

## Р а п о р т

Орданың өзіме сеніл тапсырылған белігіндегі қырғыздар арасында қызмет бабымен жүргенімде, Беріш руының қыргызы Махамбет Өтемісүәлын ұстауға жарлық берген комиссияның тапсырмасын ескеріп, мен бұл іске зауряд-хорунжий Үкылас Төлеевті, би Жанбазар Боздаковты, Төрекан Тұрымов дейтін қырғызды жәнс Махамбеттің туысы Мұса Нұралиңді, небары 15 адамды жұмсаған едім. Маган мынадай жағдаятты маглұм

етті: Махамбеттің үйіне жарты шакырымдай калғанда олар Төрежан Тұрымовтың касына екі қырғызды қосып, үйде бар-жоғын білмек хақында жіберген көрінеді. Жақындағандарында киіз үйден Махамбеттің інісі Хасан, тағы бес қырғыз және Махамбеттің өзі шыққан. Шыққан бойда Махамбет ерттеулі тұрған аттарға ұмтылыпты, бірақ Төрежан оның кашып кетіп болғанын сезгенде, шауып келіп тұсау-шідерлерді киып, аттарды босатып жіберген. Тұтігіп алған Махамбет атып жіберген екен, тимей қалыпты. «Бәрір тірілей қолға түспеспін!» деп айқай салған ол екінші рет оқтала бергенінде Төрежан жаман оймен келмегенін, керісінше сұлтан-правительдің жарлығы бойынша биылғы жылы Адай руының Модді деген қыргызына (әкесінің аты-жөні белгісіз) ұрлап алған тәрт жылқыны қайтарсын деген бүйрек әкелгенін айтады. Соңда гана көнді орнықкан Махамбет бүйректы орындауға уағда қылып, үйге ешкімді кіргізбес үшін сыртқа тәрт қырғызды калдырады да, келгендердің ішіндегі шені үлкені — Ықылас Төлеевті киіз үйге шақырады.

Ықыласқа шай ішкісे отырып қолынан қанжарын тастамаған Махамбет сөз арасында неге келгендерін қайталап сұрапты. Ықылас полковник Баймағамбет Айшуақовтың таңсыруымен оны — Махамбетті ұстауға келгенін айткан екен, Махамбет қанжарын ала ұмтылған. Араларында отырған Мұса ұстай алғанда сокқыдарымай, тайып кетіпти. Сол екі арада Махамбеттің тоқалы Ықыласқа қылышпен дүрсе қоя берген, бірақ ол әйелді итеріп жіберіпті.

Осы кезде үй сыртында тұрған Жұсіп Өтеулин айкай-шуды естіп, Ықыластың калған жолдастарына «Жақындандар» деп белгі береді. Өзі ішке енсе Ықылас Махамбеттің әйелінің колындағы қылышты тартып алмақ болып жанталасып жатыр екен. Мұса Махамбеттің өзін ұстап тұрған көрінеді.

...Жұмсақ креслода көзін жұмып, шалқайып отырған полковник осы тұста орнына баяу кетеріліп, бөлмеде ерсілі-карсылы жүре бастады. Қабағы катынқы. Рапорттың кей жері көнілдегідей бол киыспай-ақ түр. «Кайтпек керек?!» Кағазға шұқшия түсіп, әр сөзін айдып отырған писарьдің ту сыртына кеп, жазғандарына көз жүгіртті. Кінә қоюы мүмкін смес, маржандай әдемі жазу... «Іімм! Иә...» Сұлтан есіктен төрге дейін әрлі-берлі самарқау қозғала бастады...

— Жаз! — деді сөлден кейін. Нисарь қаламын каттырак ұстап шыршық ата қалды.

...Махамбет Мұсаға бой бермей бара жаткан соң, Жүсіп оның қолындағы қанжарды қылышлен қағып туғымек болған екен, кате бол соккы басынан тиіпті. Аңдаусызда катты тигсін болу керек, Махамбет тіл тартпай кеткен.

Жүсіптің Махамбетті өлтірмек ниеті болмағанын Үкылас Төлеев пеш Мұса Нұралин анықтап отыр. Керісінше, Үкыластың із үйге жеке шақырып алғанда, Махамбеттің ойы — менінше — оларды бір-бірлеп бауыздап тастамақ болғанға үксайды.

Махамбеттің үйінің жаңында қарауылда қалған төрт қырғыз, Жүсіптің белгі беруімен Үкыластың жолдастары шауып келе жатканын көріп, қашып кеткен. Олардың ішінде Махамбеттің інісі Хасан мен Бітімбай Шөкеуғұлы дейтін қырғыз бар; бұл екеудің ұсталып, Махамбеттің үш мылтығы, екі қылышы, қанжары және қашуға даярлаған екі атымен бірге менің қолыма табыс етілді».

— Жазып болдың ба? — деді сұлтан, «дәл солай, полковник мырза» деп жәудірей бұрылған уыздай жапжас писарь жігіттің көкшіл көзіне қадала қарап. — Жарар!.. Баймағамбет Айшуақов. Орданың сұлтан-правителі... 5 ноябрь 1846 жыл...

\* \* \*

Суыт хабарды сол күні-ақ жөнелткен сұлтан, көп жылдаи бері жаңына батып жүрген жайсыз жарасы жазылғандай бір сергіп калып еді. Құдай қаласа, қысылыш-кымтырылысы жок еркін өмір енді басталатындей. Өйтпегендеге ше... ойлап отырса ішкі ордадагы «іріткінің» Басталғанына оншакты жылдың жүзі болған екен. Осы уақыттың ішінде орнығын отырып, он-солын ойлауға да мұршасы келменті. «Алып кетті, шауып кетті. Ойбай, келіп қалды» деумен жүргендеге күндер ете беріпті. Және жай өтпей жаңына шаншудай қадалып, қажытып, қажап-ақ тастаған екен. Оны бүгін ғана сезіп отыр.

Сұлтан терезеге қарады.

Күн кабагы катты бұзылыпты.

Далада жапалактал қар жауып тұр. Каражаның қары... бүгін үшінші күн...

Жакындағанда жіберің Фельдъегері сонау Орынбор-

дан эне-міне кеп қалатында көрініп, алғашқы кезде ол біраз елегізіш еді. Хабар бола қоймады. Аптыққан көңіл басылсын деп қырға шығып кеткен сонсоң. Бір жұмадай жүріп бүгін оралған беті.

Осы сапарында, әсіресе, алдыңғы күні мен кеше біраз жерді аралады. Ел қырдағы қоныстарынан қыстауға бет түзелті. Кейбір қараша үйлі қоныр ауылдар азынаған жел өтінде, төпей жауған қар астында қалып та жатыр екен. Кайран қалғаны — құдай-ау, күшін көре алмай жүріп, кешегі бір кездерде солардың қалай құтырғаны... Адам панғысыз. Түс секілді. Желіп келе жатып жан-жағына: жым-жырт қырға, томпиып-томпиып жаткан төбешіктерге, кыбыр-кыбыр тіршілікке қарасан, Тастанбекі ұрыс та, кан сасыған қырғын да болмағандай. Жолшыбай әлденеше көшті кезіктіріп еді. Борінде де елендес, еліріп жүрген ешкімді көрмеді. Жұздері жағынан, кездерінде нала, мұн. Еркектері тақымына басқан бір-бір тұғырына мініп түйе жетектеп, әйелдер мен бала-шаға өркешті айналдыра қоршаған киіздің ортасында бүрісіп кетіп барады. Тіл қатысайын десен қарсақтау, салғырт тындалап, «жәй-жағдайды көріп тұрсынғой» дегендес, курсініп сала береді. Сонсоң мінгірлен күннің сұтын кеткелін, кардың төпей жауып тұрғанын, тезірек жылы баспаңа жетсек дегенді айтады. Жақ жүні үрпіш, үргедек жанаармен түйе үстінен жаутандай қараган балаларды, сріндері көгіс тартып, қарсы соккан желге қырын отырған қоңырқай, жүдеу жүзді әйелдерді көріп тұрып, кіліртуге де, кідіруге де дәтің шыдамайды скен.

Сұлтан қарадай қажып, әлденеге құлазып қайтты.

\* \* \*

Күн өткен сайын көңіліне бір түйткіл кіріп, сұлтан тыныштықтан айрылды. Алғашқы кезде андамап еді. Тірлік толқыны аринасына түсіп, өрекпімей, өз екпінімен ағар, бәрі де реттелер деп сыйлаған. Енді бакса, сол ыңшыңсыз тыныш тірлік екі құлағын тарс бітеп, есептіретіл тастағандай...

Күйтің-күйтің қыр тірлігі анау... Қалылыс, қарбалас жок, бей-жай сарай міне... сыртқы дүниенің де сәні кеттіп, қызығы қалмаған секілді. Бұрын қырға қызмет бабымен шықсын, қыдырыстасын, әйтеуір әлденеге іштей ширығып, шыршық атып қайтатын. Казір соның бәрі-

нен ада. Енді қылар іс те жок. Барі бітіп, бәрі тынған. Құлакқа үрган танаңай тыныштық.

Кенет әлдебір ой сап етті. «Аныр-ау, өзінді жаксы сезінуің үшін алысарға жааралық жауымшың жер басып жүргені де жаксы болғаны ма? — Сұлтан қатты тандалды. — Бәсе, бірдене жетпейтін сиякты еді-ау. Көнілі құлазып, кекірері колқылдап босап калғандай-тын. Сөйтсе, соның бұ дүниеде жоктығынан скен гой».

Баймағамбет бармагын тістеп үзак отырып қалды.

\* \* \*

Кай істе де бір жамандықтың бір жаксылығы болатыныңа сұлтан әлдекашан-ак көз жеткізген. Орданы ойрандай жаздаған бұліншілік болмаса, болқім, бұл Бәйекен атанып, байтак елге белгілі болар ма еді, жоқ па? Кайткенде де атын шытарып, ауызға іліктірген ішкі ордада «іріткі» туған кез гой. Ел басқарған сыйлы кісілерге сын есепті сол тұстан сүрінбей өтіп, сұлтандыққа колы жетсе, Бәйекен оны «бір жамандықтың бір жаксылығы болады» дегениен суыртпактап шығаратын...

Әтемісұғлы өлтірілгеннен бері көнілін күпті қылган жайды бажайлап отырып, ол «жаксылықтың да бір жамандығы болатыныңа» іштей үйи бастағандай еді. Оған себеп — ата жауы Махамбет өлгелі өз жүйкесінің бұрауы босап, бұрынғыдай шыныршық атпай, қайта шаутартып қалғаны бір болса, елдің белгілі, беделді деген біраз адамы бұдан бетін аулак салуға тырысуы тағы үстеме бол, әлгі ойының дұрыстығын хайрансыз мойнадатып кетті. Ол — ол ма, енді міне бір кездे тоның ішкі бауындай болғап бастас-тұстастары — Байнак пін Тоғыр, канаттас отырган Шектінің билері: Тәуекел, Медет, Байтерлер мұның бүгінгі «қақ түйенің карны жарылар» қуанышына келмей отырганы тағы бар...

Осындай жиында көніл ашып, өзімен тізе қағыстырып отыратын солардың жоктығын ойлац, сұлтан тәнірегіне көз жүгіртіп еді, тойдың қызындырмалы қызыл же лігіне бой алдырып, «куаныштың жөні осы ғой» дегендей, езулері құлагына жеткенше бос ыржалактап отыргандарға тақымы толмай қалды.

...Бұриагы күні фельдъегер Орынбордан қуанышты хабар жеткізіп еді. Ордадағы бұлікті басуға сінірген аса көрнекті еңбегі үшін жоне ақ патшаға әрқашан адал қызмет еткендігі сскеріліш, шекаралық комиссия оны

орденге және шенін жоғарылатуға ұсынып койған екен. Оның үстіне бұлік басы бұратана қырғыз Махамбет Өтемісұғлы өлтірілгені туралы хабар жеткенде шекаралық комиссия бастығы шексіз риза бол: «Баймағамбет Айшуақов Орынборға калайда келсі! Петербургке жүреміз» дегі. Өз кезегінде бұл да қарап калмай, ат жетер жердегі төңіректің табан тірерлік иғі жақсыларын тойға шақырып хабар салып еді. Сөйткен сүйсніштері міне... «Кұдая, ішкенге мәз, жегенге тоқ... — Сұлтан білдіртпей күрсініп салды. — Осыларды да терезесі тең дең шакырттым-ау. Шендесерлік бірі болсаши, шіркіндердің!..»

Өз-өзінен жалғызырап, көңілі құлазып кетті. Бірак той өзінікі болғансын ішінде ит өліп жатса да білдіргісі келмей, тәменгі жақта отырған қаршығадай ғана аксүр жігітке:

— Конактардың көңілін көтермейсің бе, Медебай?!  
Ен салып жібер, — деді кошемет үнмен.

Аузын ашуы мұн екен, айналасындағылар андып отырғандай-ақ шу ете түсті:

— Е, сүйт, шырағым!

— Салышы бір қәне...

— Ен тындармадағалы ис заман. Аянбай шырқашы, қарағым!

Домбыраның құлак күйін келтіргенше өзін тағатсыз тосын қалған жұртқа Медебай назар салған да жок. Бұрауын түсіргеи соң барып домбырасының шанағын оң қолтығына қыскан күйі сөл тыңқылдатып отырып:

— Абылайдың асында шаппағанда, атаның басында шабамысың деген бар ғой, Бәйеке, — деп құлғен болды. — Сіздің куанышыңызда, осы сарайда айтпағанда... Іннім! — деп, «аржағын өзіңіз де білесіз ғой» дегендей, басын оң иығына сәл бұрып, тартып кетті.

...Жөпелдемде бір-екі ауыз әннің басын жедел қайырып, келесісін бастарда домбыра құлағын қайта бұрамақ болған Медебай кызметші жігіттің кіргенін, сұлтанға әлдене айтуға октағанын аңғарып тосылып қалды. Жұрт назары да солай ауган.

— Бәйеке, сыртта бір жігіт «сізге кірем» деп бой бермей түр. Қайтсек...

— Кім екенін білмедің бе? — деді сұлтан әлденеге елеңдеп.

— Бәсе, кім өзі?

— Баса-көктейтіндегі қайдан шыккан неме? — деп

едіреңдей бастаған бір-екеуді жаратпай, Баймағамбет тыжырынып басып тастады.

— Аты-жөнін айтпайды. Ақынмын дей ме... — Қызметші жігіт күмілжіді.

— Ақын болса, кірсін! Қорелік... — Сұлтан көнілденіп, сыртта тұрған бейтаныс адамды елегізи күтті.

Соның арасынша тақтай еденді нак-нак басып кеп, еңгезердей біреу есіктен ене берді. Жүзін аңғарғанша болмады, басын мандайшаға соққан бейтаныстың жапатай бөркі жерге ұшып түсті.

— Токта! Осыған ойланбастан өлең айт, ақын болсан... — Ересек адамның ебедейсіздігін көріп мәз болған балаша, бір елпілдек сезім билеген сұлтан, еріксіз езу тарта отырып бүйрық қылды. — Тез! Тез...

«Тез!» деген келте үн атқан оқтан кем тимеген болу керек, бір аяғы табалдырықтың сыртында қалған бейтаныс, тасқа тиген шар болаттай, шақ ете қалды.

Басымнан түсіп кетті жап бергенім,  
Құдай-ай, осы ма еді көп көргенің?  
Өсірген сылап-сипап он саусағым,  
Қанекей, тап бергенде, ал бергенің?!  
Қызыл тіл, барың болса енді сәйле,  
Таппасан, қапияда босқа өлгенің.  
Тар жерде тақымдадың, сұлтан ием,  
Мен бе еді мұнша көpte жек көргенің?..

— Ой, жарайсың!

— Өлме!

— Өлсөң қайтып келме! — деген қошамет үндер бүршақша жауып кетті.

Бірақ мұның бірде-бірі бейтаныстың жабырқау, һәм катулы қабағын жадырата алған жоқ. Айтарын айтып салып, жерде жатқан жапатайына еңкейді де, жұмарлап ұстаған күйі тұрып қалды.

— Э, Шерниязбысың? — Сұлтанның даусы дірілдеп кетті. — Былай шық... Бәйбіше, қасындан орын бер

Әлгінде келеке қылғандай келте бүйрық берген сұлтанның мына мінезін қалай ұғарға білмей, дағдарған Медебай «е, ауыл арасының әлдекімі шығар. Эжуалап, кузар да қояр» деп ойлаған. Жоға... Мына бейтаныс, бұны баса-көктеп өткенімен қоймай, жүрттың ықыласын да өзіне аударып алып, мұны — Медебайды — керексіз нәрседей шетке қаып тастаған секілді. «Жоға... Меде-

бай оған көне алмас». Қатты корланғаны соңша жүртта, анау да естісін дегендей әдейі қаттырақ сөйлем:

«Ханыммен бірге отырып тамақ жетін, күжырайып отырған бұл қай неме?» деп қалды.

Бейтаныс басын оқыс көтеріп алды. Қөзі тым өткір скен. Екі бүктеп, бір жұтатындағы бұған қадала қарап, түйіліп апты.

«Мына арлан қайтеді-ей, бейшара күшікті талап тастайды-ау» дегендей, жүрт та үрниісп кетті. Енді болмаса араша сұрап араға киліккелі отырғандар да бар се-кілді.

Соны байқал қалған болу керек, кенет бейтаныстың бетінен бұлдыр күлкі үйірліп:

Осы ма Медебайың, хан, мактаған  
Қолында домбырасы бармактаған.  
Хан алдында нәмесін салмақтаған  
Көргенсіз неген есер қалжактаған,—

деп бұра салды.

Бірі абдырап, бірі сұрланып, енді бірі абыржып, кей-біріне тіпті үрей ұялап шошыныса қараған қарашұбар беттер кенет жайылып журе берді. Әлгіндегіні жуып-шаю үшін өтірік-шынды күлісіп, кейбірі тіпті түбі түскен шелектей даңғырлад, енді бірі мәніс үқпаса да жүрттан қалмас үшін, әйтеуір, бірдене айтып — бәр-бәрі гу ете түсті.

Жәнгір әлгелі хандық жойылса да, өзін «хан» дегенге сұлтаниң іші жылып қалды. Карсы жауап айтпак бол қомданып, қопандай бастаған Медебайға:

— Жә! жә! Бұра сөйлеген күлуге жақсы деген...  
Кой! Койындар!... — деді басу үнмен. Қоз қығымен Шерниязды да шалып өтті... Кіімінің жұпынылығы мен өңінің жүдеулігі болмаса, көрер көзге келбетті екен. Жазық біткен кең маңдайың астында ұзынша жар қабақ. Аумағы алақандай адырайған айбатты екі көз. Ер-ге, еркекке ғана бітер етженді кесек мұрын... он та-науы сөтіктеу екен. Бірак кескінін бұзбай, қайта қуат пен жігерден құрыштай құйылған кісінің келбетін танытады. Дөңгеленте койған қап-кара кою қаба сакалынан да қайраттылықтың лебі есетіндей. «Колынан да, тілінен де келетіннің өзі болармысын?!»

Сұлтан бір қыртысын бүйірінде бұгіп қалды.

Екі-үш күннен бері үйінде есепсіз қонақ бол жаткан адамды Баймағамбет көтеріліс кезінде көрген-ді. Қолға түскен көп тұтқынның бірі болғасын ол кезде «е, әлгілерге ерген әуейілердің бірі шығар» деп мән бермеген. Кейінрек ақын екенін естіп, жұртты желіктіріп жүргендердің ішінде ол да бар екенін білген соң ізіне адам салған. Сөйткен содырдың өзі қолына келіп отыр. «Қайтпек керек!?

Жұрт тарап, адам аяғы басылғасын, сапарға аттанар алдында сарай маңының сыйлы кісілерін ғана жинап, сұлтан оны сынамакка бекінді. Айдатып жіберсе де, алып қалса да—бас билігі өзінде тұрғанда неге байқамасқа? Бәлкім, бір кәдесіне жарап. Уды у ғана қайратыны секілді, ак сүйегіне қара қарғыс бол басылған лағнат таңбасын, кешегі күнәкар Махамбеттің астамшылығын аяқ астына салып берсе... Өзі жайлыш артында өлмес сөз қалса, мадак, мактау қалса, енеден жаңа тұрандай тазарып бір қалмай ма. Сөйтіп сұлтан атағы, Бәйекең аты ауыздан-ауызға әңгиз бол кетпей ме...

Сұлтан мұны талай жыл армандаған. Адам баласына байлық пен бактым аздық етеді екен. Атақ керек көрінеді, айдай әлемге әйгілі болу керек көрінеді... Аржағын сосын тағы көре жатады да... Әзірге сол жетіспей тұр. Медебайлардың колынан мұның келмейтінін ол әлдекашан үққан. Қайга атап күнде артық киғен киімдей аяғына тұсау, шапанының шалғайына оралғы. Сонысына карамай, анда-мында ертіп апарса, мұны мадақтауорнына өзін танытқысы кеп тыраштанатының қайтерсің!? «ha-ha-aу, e-e-eу-u» деп езіп отырып алғанына жының келеді. Бәлкім, мынаны Бәйекеннің бағына құдай айдал әкелген шығар. Ел ішіне тарап кеткен есер сөзді басып берсе... мұның кім екенін күллі жұртқа жария етсе! Пай, шіркін, өзі де суырып салма, ағыл тұрған ақын екен. Айт дегенде айылын да жимады-ау. Шықса, осыдан бірдене шығар. Бір әттеген-айы тілі шақпа, ашылау ма қалай?! Кайда баар дейсін, сарайдың салтанатынан, басына конған бак құсынан қашатын, елдің бәрі бірмойын Махамбет емес шығар. Нар тәуекел, мұны да бірсынайык!